

**Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне  
канализация желілерін салу үшін жер учаскесіне қауымдық сервитутын белгілеу  
туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қазандағы № 1424 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 7332 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 69-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Рудный қаласы, 39 махалла мекенжайында орналасқан канализация желілерін салу үшін алаңы 0,5233 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитуты белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің коммуналдық мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*Б. Ғаязов*